

## БӨЛІМ: ҒИБРАТТЫ ӘҢГІМЕЛЕР

## Өзіңді сүзгіден өткіз!

ЖАРИЯЛАНДЫ  
28.03.2016ТІРЕК СӨЗДЕР  
ғибратты әңгімелерСІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/351/

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Ел таныған ғұламаға бір кісі келіп: «Сіз бір шәкіртіңіздің не деп жүргенін білесіз бе?» — дейді. Сонда ғұлама: «Біреудің айтқан сөзін жеткізбес бұрын оны мынадай үш қабат сүзгіден өткізіп алғаның...

Ел таныған ғұламаға бір кісі келіп: «Сіз бір шәкіртіңіздің не деп жүргенін білесіз бе?» — дейді. Сонда ғұлама: «Біреудің айтқан сөзін жеткізбес бұрын оны мынадай үш қабат сүзгіден өткізіп алғаның жөн: Алғашқысы — шындық. Соған салар болсақ, айтпақ сөзіңнің рас екеніне көзің толық жете ме?» — дейді. Әлгі кісі: «Шынымды айтсам, өз аузынан естімедім» — дейді. — Онда екінші сүзгіден өткізейік. Ол — жақсы сөз деп аталады. Айтатын хабарың жақсы сөз бе еді? — деп сұрайды. Ол кісі: «Жоқ, керісінше болатын» — дейді күмілжіп. — Онда үшінші сүзгіден өткізіп көрелік. Мүмкін бұл сынақтан өтерсің!? Ол — пайдалылық деп аталады. Ал енді мына хабарыңның маған қаншалықты пайдасы бар? — деп сұрайды. Әлгі кісі қатты қысылып: «Пайда бермейтін әңгіме еді» — дейді жерге қараған күйі. Сонда ғұлама: «Өзі сенімсіз болса, әрі жағымсыз әңгіме болып, маған түк пайда келтірмесе оны маған қай жақсылық ойлап жеткізгің келді?!» — деген екен. Бұл бәрімізге керек сүзгі екен!!!

www.asylarna.kz

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.